

қамтамасыз етуді ұйымдастыру болып табылады. Ұлттық ойындар мен спорттық жаттығулар байланысын біртіндеп арттыра отырып қарапайым қозғалыстан күрделі қимыл орындау деңгейіне дейін жоғарылату сабақтың тиімділігін арттырады.

Бес жастағы балалардың дене дайындығы дамулары әртүрлі болып келеді сондықтан әр балаға дара қарым-қатынас жасау тиімді болып келеді. Бұл жерде денесі жақсы шынықпаған балаларға ерекше көңіл бөлініп оларға көмектесіп қолдау көрсету, сонымен қатар дене күші жақсы шымыр, пысық баланың да тәуелсіздігі мен ынтасын арттыруға көңіл бөлу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адамбеков К.И., Касымбекова С.И. Социально-педагогические основы физического воспитания учащейся молодежи. – Алматы, Санат. 2008. – 196 с.
2. А.К.Айтбаева. Қазақ халық ойындары-бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы. п.ғ.к. автореферат. Алматы., 1992. - Б. 26.
3. Алекторов Е.А. О рождении и воспитании детей киргизов, о правилах и власти родителей. - Оренбург, 1891. - 8 б.

**Монголия Ж.**, дене шынықтыру оқытушысы  
**Ибраева Г.К.**, дене шынықтыру оқытушысы  
**Рымбеков Қ.С.**, дене шынықтыру оқытушысы

Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі, Саран

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ АЛАП ОРНЫ**

**Аннотация:** Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық мазмұн, студенттердің рухани азығына айналып отыр. Қазіргі таңда Ұлттық рухты, еліне деген сүйіспеншілікті дамыту қолға алынып жатыр. Осыны дамыту жолында жастардың еліне құрметпен қарағаны, азаматтық борышын білгеіі, өз көзқарасын, құқығын білгеіі дұрыс. Бұл мақалада осы тақырыпты көтеруіміз дұрыс деп шештік.

**Кілт сөздер:** спорт, ұлт, тарих, жастар, тәрбие

**Mongolia Zh.**, physical education teacher  
**Ibrayeva G.K.**, physical education teacher  
**Rymbekov K.S.**, physical education teacher

Saran higher humanitarian and technical college named after Abay Kunanbaev, Saran

**Abstract:** due to the democratic changes in modern society, when national and Kazakhstan honor are awoken, a new patriotic content becomes the “spiritual food” of students. Currently, the development of the national spirit and love for the country is underway. In order to develop this, it is necessary for young people to respect their country, to know their civic duty, to know their point of view and their rights. In this article, we want to pay attention on this topic and give more details according to it.

**Keywords:** sports, nationality, history, youth, education.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсірін, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой - пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық

тұлғасы болған ақын - жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырып келеді.

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан студенттердің ішкі дүниесін, оның рухани – адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуы тиіс. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Біз ұлттық спорт десек әуелі болып еске түсетін Қазақша күрес, асық ату, тоғызқұмалақ және ұлттық ат спорты көкпар, аударыспақ, жамбы ату, тенге ілу, қыз қуу, бәйге сонымен қатар ілгері қалып бара жатқан бүркітші ойыны да спорт түріне кіреді. Осы ұлттық спортымызды дамыту мақсатында, келешек ұрпақ ұмыт қалдырмас үшін мектептерге, колледж бен жоғарғы оқу орындарының пәндеріне енгізсек жастарымыз намысты, рухты, мықты ұрпақ болар еді деген ойлаймын. Ұлттық спортымыздың дамыған түрі - ол қазақ күресі. Бұл спорт түрінің тарихы тереңде жатыр. Халқымыз көнеде ас бергенде, той жасап, ойын ұйымдастырғанда түйе палуандарды жинап күрестірген атақты Қажымұқан атамыздың есімі елімізде ғана емес, әлемдік спорт элитасына да танымал. Қазақ күресінің ең бірінші көлемді жарысы 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтарында ұйымдастырылды. 2004 жылы халықаралық федерация өтті. 2005 жылы Алтай өлкесінде “Қазақ күресі” бойынша I Азия Чемпионаты өтті. Осылайша бұл спорт түрі қарқынды дамыды, әлі де даму үстінде. Жалпы Қазақ күресі жастарға не береді? Осы спор түрінде ұлттық тәрбие бар ма? Деген сұрақтарға жауап бере кетсем.

Қазақша күрес ережесі бойынша спортшылар әуелі төс қағыстырып амандасады, қол тірмей, белден төмен ұстамай, таза күреседі. Міне осы ережелердің өзі терең тәрбие, өзге спорт түрлеріне үлгі деп білемін. Осы секілді “Асық ату” мен “Тоғызқұмалақ” ойыны зеректікке, дәлдікке, ұстамдылық пен шыдамдылыққа тәрбиелейді.

«Асық ату» ойыны қазақтың көнеден келе жатқан спорт түрі. Негізінде ұлттық спорт әр елдің экономикалық, әлейметтік жағдайына байланысты туындайды. Көнеде ата-бабаларымыз төрттүлік мал асырағандықтан сол асыраған төрттүлігінің етін, сүтін, майын пайдаланған. Төрттүліктің ішіндегі қой мен ешкінің асықтарын осы асық ойынына пайдаланған. Ал қойдың құмалағын тоғызқұмақ ойынында қолданған. Ертеде қойшылар қой құмалақтарын теріп тоғызқұмалақ ойнаған деген аңыздар да бар. Бұл спорт түрі - рухани, логикалық ойын.

Ал ат спортында көкпар дамушы спорт түрі. Атқа мінген бала өзін сенімді, батыл сезінеді. Атпен тау, таста жүрген бала өз еліне деген ыстық махаббатын оятады. Елінің егемендік жолында ата-бабасы осы ат үстінде ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалғанын сезінеді. Атқа екінің бірі міне бермейтіні айдан анық деседе жастарға осы спорт түріне қатыспаса да атқа мінуді үйрету керек деген ойдамын. “Өз тарихын білгісі келсе сол тарихқа еніп көрсін” дейді дана халқымыз. Отанына деген сүйіспеншілік осыдан бастау алады.

«Ұлттық патриотизм» ұғымдарымен байланысты «Қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» мен «Ұлттық патриотизм ерекшеліктерін» анықтап жоғарғы оқу орындары студенттеріне патриоттық тәрбие берудің мазмұны мен бағыттарын қадағаладық.

Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық мазмұн, студенттердің рухани азығына айналып отыр.

Студенттер бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс аға буындарының ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет.

Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағалануы тиіс.

Осы ретте біздің ұсынып отырған еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында «Қазақ этнопедагогикасында патриоттық тәрбие беру негіздері» атты факультативтік курс

жүргізілсе деп ойлаймыз. Осындай шараларды қолға алмасақ қазақстандық патриотизмнің қозғаушы күші болып табылатын заңдар өзінен өзі жүзеге аспайды.

Сондықтанда үкімет тарапынан арнайы бағдарламалар қабылдануы тиіс. Олар мерзімді баспасөздерде толығымен жарияланып, сол қабылданған бағдарламалардың жүзеге асуы қалай деген мәселе басылым беттерінен көрініс табуы керек. Қазақстандық патриотизм қалыптастырудағы оң шешім болар еді.

Біздің көзқарасымызша мұндай позиция «шынайы патриотизм» түсінігі мәнін ашып көрсеткендей болуы керек. Бұл жерде ненің, дұрыс ненің бұрыс екенін бүкіл әлемдегі достықта емес, одан жоғары қарау позициясы анық байқалады. Жоғарыдағы айтылғанды ескере отырып, мынаны атап өткіміз келеді: зерттеуімізде біз ұлы державалық патриотизм идеясын үгіттеушілердің позицияларын мақұлдаймыз. Жалпы патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, мемлекет алдындағы борышын жанқиярлықпен орындау.

Ал Қазақстандық патриотизм - Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады.

Сонымен, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры студенттердің патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір жас ұрпақтың дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді. Жастардың бойында патриотизмнің белсенді немесе баяу дамуы жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, мүдделеріне, мотивтеріне байланысты.

Қорытындылай келе

- қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие берудің деңгейі теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылып, студент тұлғасында патриоттық қасиеттерді дамытуға бағытталған патриоттық тәрбиенің бағыт- бағдары анықтады;
- студенттерге патриоттық тәрбие беруде қазақстандық патриотизм мен ұлттық патриотизм ерекшеліктерінің мәнін ашуға мүмкіндік туғызды.
- қазақ этнопедагогикасының негізінде патриоттық тәрбие берудің ғылыми- педагогикалық үлгісінің негізделуі осы тәрбие процесінде патриот студент тұлғасының қалыптасуына нақты жағдай туғызады;
- жастарға қазақ этнопедагогикасының негізінде патриоттық тәрбие беруде ұлттық құндылықтарды қолдану студенттердің патриоттығын қалыптастырудың тиімділігін арттырды;
- біз ұсынып отырған қазақ этнопедагогикасында патриоттық тәрбие беру моделі, жастарға патриоттық тәрбие беруде қазақ этнопедагогикасы негіздерімен шектелмей, қазақ халқының дана тұлғаларының мұрасын танып білуге, қастерлеуге жол аша отырып толыққанды патриот студент тұлғасын қалыптастыруға негіз болды.

Жоғарыда келтірілген теориялық қағидалар мен іс-тәжірибе жұмысының нәтижелерін пайдалануға төмендегідей ұсыныстар беруге негіз болды:

- жоғары оқу орындарында студенттерге патриоттық тәрбие беруде, қазақ этнопедагогикасының материалдарын қолдануда «Қазақ этнопедагогикасында патриоттық тәрбие берудің негіздері» атты арнайы курс бағдарламасын пайдалануға болады;
- Қазіргі таңда Ұлттық рухты, еліне деген сүйіспеншілікті дамыту қолға алынып жатыр. Осыны дамыту жолында жастардың еліне құрметпен қарағаны, азаматтық борышын білгені, өз көзқарасын, құқығын білгені дұрыс. Ұлттық спорт пен патриоттық тәрбиені ұштастырсақ ел ертеңіне сенімді қараймыз. Жастарымыз алғыр болары анық.

1. Қазақстан - спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: "Сөздік-Словарь".
2. Қазақ энциклопедиясы, 5 том.
3. Сағындықов Е. С. / Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: «Рауан» баспасы, 1991.
4. Дене тәрбиесі. 1-11 сыныптарға арналған үлгі бағдарлама. - Алматы: Рауан, 1993.
5. Жұманова С. Спорттық морфология негізіндегі тәңтану. - Алматы; Рес.Бас.Каб., 1994.
6. Лесгафт П.Ф. Изб. Соб.соч. Т. 2 – М., 1952.
7. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания. – М.: Просвещение, 1990.
8. Уақбаев Е. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. – Алматы: Санат, 2000.
9. Икіманова Г. Саулық пен сымбат. - Алматы; Қайнар, 1991.
10. Төтенаев Б. Дене тәрбиесі. – Алматы; Мектеп, 1988.

**Сабанбаев Н.И.,** аға оқытушы  
**Карим Ж.К.,** магистрант  
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

### **ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫ ТҮРЛЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДАРЫНЫҢ ДЕНЕ САПАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

**Аннотация:** Ахмет Жүнісовтың айтуынша «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

**Кілт сөздер:** ұлттық спорт, ұлттық ойындар, жылқы түлігі, ат жарыстар, төзімділік, ептілік, шапшандық, шыдамдылық, аударыспақ, көкпар, ат жарыстар, күштілік, спорт, батылдық.

**Sabanbaev N.I.,** Master of Pedagogical Sciences, senior teacher  
**Karim Zh.K.,** graduate student  
Karaganda Buketov University, Karaganda

### **WAYS TO IMPROVE BODY QUALITY OF FUTURE PHYSICAL EXERCISE SPECIALISTS BASED ON NATIONAL EQUESTRIAN SPORTS**

**Annotation:** According to Ahmet Zhunisov, «Kazakh, like other nations, have national entertainments that have been formed since ancient times and continue to be inherited from father to son. If we pay close attention, those entertainments are closely related to the national characteristics of Kazakhs, daily life and are necessary to give a person physical education from an early age, to develop courage, dexterity, ingenuity, strength, endurance, etc. It is aimed at inculcating beautiful moral qualities.» And now, «Kazakhstan. In the book "National Encyclopedia» it is written about the importance of Kazakh national games: «Kazakh nation has put the care of the generation as the main goal and attached great importance to the formation of children as real citizens. As a result, the national game was coordinated and developed as the main means of traditional child education».